

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы N 918 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 желтоқсандағы N 1250 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 маусымдағы № 479 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.06.2015 № 479 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстары мен қызметтері рыногын одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Алдын ала жобалау құжаттамасының жекелеген түрлері, сондай-ақ жобалау (жобалау-смета) құжаттамасы бойынша сараптама жүргізу ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы N 918 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 27, 304-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ережеде:

3-тармақтың екінші абзацындағы "Экономика" деген сөз "Индустрия" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген Ережеге "Алдын ала жобалау құжаттамасының жекелеген түрлеріне, сондай-ақ жобалау (жобалау-смета) құжаттамасына сараптама жүргізу ережесінде қолданылатын ұғымдар" деген қосымшада:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ықтимал қауіпті құрылыс объектілері - өздерінің берілген функционалдық мақсатының, технологиялық процестері мен пайдалану сипаттамасының салдарынан халықтың денсаулығы мен өміріне залал келтіре, өзге объектілердің тұрақты жұмыс істеуін бұза отырып, техногендік немесе экологиялық апаттар, авариялар туындауының ықтимал қауіпін қамтитын объектілер.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Техникалық жағынан күрделі объектілер (кешендер) - жауапкершілігі I және II деңгейге жататын ғимараттар мен құрылыстар, олар үшін құрылыс жобаларын сараптамалық бағалау заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік сараптаманың ерекше құзыретіне жатқызылған.

Жауапкершілігі II деңгейге жататын тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы мынадай ғимараттар мен құрылыстар (сыртқы инженерлік желілерді қоса

алғанда) техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайды:

1 ) б и і к т і г і :

қалыпты геологиялық жағдайдағы аудандар үшін, сондай-ақ сейсмикалық белсенділігі жоғары (7 және одан жоғары балл) немесе құрылыс кезінде арнайы жобалау шешімдері мен іс-шараларды талап ететін өзге де айрықша геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайдағы аудандар үшін бейімделген төменгі қабаттарсыз - қоса есептегенде жер үстіндегі 5 қабатқа дейінгі;

сейсмикалық белсенділігі жоғары (7 және одан жоғары балл) немесе құрылыс кезінде арнайы жобалау шешімдері мен іс-шараларды талап ететін өзге де айрықша геологиялық (гидрогеологиялық) жағдайдағы аудандар үшін - қоса есептегенде 3 қабатқа дейінгі (оның ішінде бейімделген бірінші қабатты) тұрғын үйлер (ғимараттар) мен жатақханалар;

2 ) б и і к т і г і :

қалыпты геологиялық жағдайдағы аудандар үшін, сондай-ақ сейсмикалық белсенділігі жоғары (7 және одан жоғары балл) немесе құрылыс кезінде арнайы жобалау шешімдері мен іс-шараларды талап ететін өзге де айрықша геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайдағы аудандар үшін бейімделген төменгі қабаттарсыз - қоса есептегенде жер үстіндегі 5 қабатқа дейінгі;

сейсмикалық белсенділігі жоғары (7 және одан жоғары балл) немесе құрылыс кезінде арнайы жобалау шешімдері мен іс-шараларды талап ететін өзге де айрықша геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайдағы аудандар үшін - қоса есептегенде 3 қабатқа дейінгі (оның ішінде бейімделген бірінші қабатты) саны 50-ден аспайтын нөмірлері бар және жалпы сыйымдылығы 100 тұрғыннан аспайтын мейманхана кешендері (мотельдер, туристік базалар) ;

3) қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар:

орын саны қоса есептегенде 60 балаға дейінгі мектепке дейінгі балалар мекемелері ;

орын саны қоса есептегенде 250-ге дейінгі оқушыға арналған жалпы білім беретін мектептер мен орта білім беретін өзге де мекемелер;

биіктігі қоса есептегенде екі қабатқа дейінгі және сыйымдылығы 100 баладан аспайтын мектеп-интернаттардың, балалардың демалыс лагерлерінің жеке тұрған жатын корпустары ;

қоса есептегенде 60 төсектік ауруханалар, ауысымда 100 адам қабылдайтын емханалар ;

ғұрыптарды мейлінше жаппай орындаған сәтте бір мезгілде 250 адам келетін ғибадат ғимараттары мен құрылыстары ;

қалыпты геологиялық жағдайдағы аудандар үшін биіктігі - қоса есептегенде 5 қабатқа дейінгі көп функционалды қоғамдық, сондай-ақ жеке тұрған әкімшілік,

қызметтік-басқару және мәдени-ағарту ғимараттары (бір мезгілде 300-ден аспайтын адам болатын);

сейсмикалық белсенділігі жоғары (7 және одан жоғары балл) немесе құрылыс кезінде арнайы жобалау шешімдері мен іс-шараларды талап ететін өзге де айрықша геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайдағы аудандар үшін - биіктігі осындай қоса есептегенде 3 қабатқа дейінгі;

қалыпты геологиялық жағдайдағы аудандар үшін - сыйымдылығы 300-ден аспайтын көрерменге арналған спорттық-ойын-сауық ғимараттары және залы бар жабық құрылыстар;

сейсмикалық белсенділігі жоғары (7 және одан жоғары балл) немесе құрылыс кезінде арнайы жобалау шешімдері мен іс-шараларды талап ететін өзге де айрықша геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайдағы аудандар үшін - сыйымдылығы 100-ден аспайтын көрерменге арналған осындай залы бар;

бір мезгілде келушілер мен қызмет көрсетуші персоналдың саны 100 адамнан аспайтын монша-сауықтыру, дене шынықтыру-сауықтыру немесе демалыс-ойын-сауық кешендерінің жеке тұрған бір және екі қабатты ғимараттары мен жабық құрылыстары;

шағын кәсіпкерлік субъектілерінің халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуіне арналған өндірістік процестері бар жеке тұрған бір және екі қабатты ғимараттар;

сыйымдылығы 100 отыратын орыннан аспайтын қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының жеке тұрған бір және екі қабатты ғимараттары;

сауда алаңы 500 шаршы метрден аспайтын сауда кәсіпорындарының жеке тұрған бір және екі қабатты ғимараттары;

саны 300 бірліктен аспайтын сауда орындары бар жабық базарлар;

4) қалыпты геологиялық жағдайдағы аудандарда құрылысқа арналған көлік инфрақұрылымының азаматтық объектілері, оның ішінде:

тәулігіне қоса есептегенде 100 жолаушыға дейінгі өткізу қабілеті бар темір жол вокзалдары;

қоса есептегенде 75 адамға дейінгі күту залдары бар сапаржайлар; авиажолаушыларға қызмет көрсетуге арналған, сағатына қоса есептегенде 75 жолаушыға дейінгі өткізу қабілеті бар әуевокзалдары мен әуежай терминалдары;

қоса есептегенде 75 адамға дейінгі күту залдары бар теңіз және өзен вокзалдары (жүзетін айлақтарды және дебаркадерлерді қоспағанда);

5) бір мезгілде 10 бірліктен аспайтын көлік құралдарына қызмет көрсететін жеке тұрған автосервис пункттері;

6) сыйымдылығы 25 автомобильден аспайтын жеке тұрған бір қабатты (жер үстіндегі немесе жер астындағы) гараж-тұрақтар;

7) құрылыс кезінде арнайы жобалау шешімдері мен іс-шараларды талап

етпейтін, өрт-жарылыс қауіпсіздігін, аэрацияның, ылғалдылықтың, температура режимінің белгілі деңгейін ұстау, вибрацияны шектеу және өзге де арнаулы талаптар жөніндегі айрықша жағдайларды қамтамасыз ететін қойма (сақтау орны) үй-жайлары бар азаматтық мақсаттағы өзге де ғимараттар мен құрылыстар."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК